



«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту бірінші вице-министрі

Н. В. Жумадилаева

2023 жылғы « 20 » қазан

## **Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ауыл мектептерінің оқушылары үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданы (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі осы ережеде олимпиаданың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуін, өткізу және қаржыландыру тәртібін, Олимпиадаға қатысуды және жеңімпаздарды анықтауды айқындайды.

2. Олимпиада ауылдық жерлердегі мектептерде талантты жастарды анықтау және қолдау бойынша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің тапсырмасы шеңберінде өткізіледі.

3. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының ауылдық мектептерінде соңғы екі оқу жылында оқитын 9-11(12) сынып оқушылары қатысады.

4. Қатысушылар бірнеше жыл қатарынан олимпиадаға қатысуға құқылы.

### **2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері**

5. Олимпиаданың мақсаты – Қазақстан Республикасының ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарындылығы мен қабілеттерін анықтау және қолдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау, неғұрлым академиялық қабілетті оқушыларды іріктеу, олардың одан әрі зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануы.

6. Олимпиаданың міндеттері:

1) ауылдық мектептері оқушыларының теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тереңдету;

2) ауылдық білім беру ұйымдарындағы дарынды балаларды анықтау үшін жағдайлар жасау;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) жанындағы Республикалық сырттай мектепке (бұдан әрі – РСМ), оқу-жаттығу жиындарына (бұдан әрі - ОЖЖ) қабылдау және одан әрі оқыту арқылы ауылдық жердегі мектептердің жоғары сынып оқушыларын республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға қатысуға іріктеу және даярлау.

*М. Касп*

*Е.Б.*

### 3. Олимпиаданы өткізуді ұйымдастыру

7. "Дарын" РҒПО олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін Олимпиада кезеңдерін өткізу және оқушыларды бағалау рәсімдерін қажетті ұйымдастырушылық және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді жүргізеді.

8. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі құрамында Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің өкілдері бар олимпиаданың ұйымдастыру комитетін құрады. Жергілікті басқару органдары олимпиаданың ұйымдастыру комитетімен келісім бойынша өңірлік комиссиялар құруға құқылы.

9. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің функциялары:

- 1) олимпиаданы дайындауға және өткізуге тікелей басшылық жасау;
- 2) олимпиаданың барлық кезеңдерінде оқушыларды объективті іріктеудің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 3) республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми ресурстарында олимпиада қорытындылары туралы ақпарат беру.

10. Олимпиада үш кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең (бастапқы) – қараша айы;

екінші (іріктеу) – желтоқсан айы;

үшінші (республикалық) – ағымдағы оқу жылының қаңтар айы.

11. I (бастапқы) кезеңге Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ауылдық жерлердегі мектептердің 9-11(12) сыныптарында оқитын барлық ниет білдірушілер қатысады. I кезең онлайн-платформада өтеді, оған қатысу үшін Олимпиадаға қатысушылар онлайн-платформада тіркеуден өтуі тиіс.

12. I кезең – бастапқы – аудандық білім басқармасының органдары өткізеді. Бастапқы кезеңді ұйымдастыру және өткізу үшін білім беруді басқару органдары ұйымдастыру комитетін құрады және бекітеді.

13. Олимпиаданың I кезеңі кешенді тестілеудің барлық қатысушылары ережені сақтай отырып, тұрақты интернет байланыс желісіне қосылған дербес компьютерлермен (бұдан әрі – ДК) жабдықталған орындарда онлайн платформада өтуі тиіс: 1 парта – 1 қатысушы -1 компьютер.

14. I кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған қатысушылардың жалпы санының 35% - ы олимпиаданың II кезеңіне қатысуға жіберілетін болады. I кезең қорытындысы бойынша іріктелген оқушылардың тізімін олимпиаданың ұйымдастыру комитеті бекітеді және ұйымдастыру комитетінің ресми ресурсында жарияланады.

15. Іріктелінген оқушылар бекітілген тізімге сәйкес олимпиаданың II кезеңіне жіберіледі.

16. II кезең – іріктеу кезеңі. Іріктеу кезеңін облыстық білім басқармалары өткізеді. Іріктеу кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстардың білім басқармалары ұйымдастыру комитетін құрады және бекітеді.

17. Олимпиаданың ІІ кезеңіне қатысушылардың тізімі облыстық ұйымдастыру комитетінің атына олимпиаданың іріктеу кезеңі басталғанға дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберіледі.

18. Тапсырмалар дәстүрлі олимпиадалық тапсырмалар түрінде ұсынылады. Олимпиаданың ІІ кезеңінің тапсырмалары онлайн-платформада көрсетіліп, шешімдер қағаз жүзінде жүзеге асырылады.

19. Олимпиаданың ІІІ кезеңіне ІІ кезеңнің жеңімпаздары (нәтижелерге сәйкес, әр пән мен сынып бойынша екіден артық емес) қатысады: жаратылыстану-математикалық бағыт пәндері бойынша 9-11(12) сынып оқушылары және қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндері бойынша 10-11(12) сынып оқушылары.

20. Оқушылардың жұмысын тексеру, бағалау, әр пән бойынша тапсырмаларды талқылау, түсіндіру, апелляциялар өткізу және Олимпиаданың іріктеу кезеңінің қорытындысын шығару үшін ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын бекітеді. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, жоғары біліктілік санаттары бар, оқушылары Олимпиадаға қатыспайтын мұғалімдер, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін. Қатысушылардың санына байланысты қазылар алқасы мүшелерінің құрамы тақ санды құрайды (кемінде 3 адам).

21. ІІ кезеңнің облыстық ұйымдастыру комитеттері ағымдағы оқу жылының 1 қаңтарына дейін "Дарын" РҒПО-на олимпиаданың республикалық кезеңіне тиісті командалардың қатысуына өтінімдер береді.

22. ІІІ кезең – республикалық. Жыл сайын Астана қаласында жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша өткізіледі.

#### **4. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

23. Олимпиаданың кезеңдерінің мерзімдері мен тізбесін жыл сайын "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – "Дарын"РҒПО) белгілейді.

24. Олимпиаданың барлық кезеңдерінің тапсырмаларын Республикалық әдістемелік кеңес (бұдан әрі – Олимпиаданың әдістемелік кеңесі) жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша дайындайды және "Дарын" РҒПО бекітеді.

25. Олимпиаданың әр кезеңінің қорытындысын облыстық білім басқармалары "Дарын" РҒПО-ға әр пән мен сынып және оқу тілдері бойынша қатысушылар санын көрсете отырып, есептер жібереді.

26. Барлық үш кезеңнің тапсырмалары "Дарын" РҒПО бекіткен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өлшемдер мен критерийлер бойынша бағаланады.

27. Тиісті білім деңгейі бар қатысушыларға жоғары сынып бағдарламалары бойынша олимпиадаға қатысуға рұқсат етіледі.

## **5. Қатысушылар мен жеңімпаздарды марапаттау және пост-сүйемелдеу**

28. I кезеңнің жүлдегерлері қатысушы сертификатын алады.

29. II кезеңнің жүлдегерлері білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

30. Олимпиаданың III (Республикалық) кезеңінің барлық қатысушылары "Дарын" РҒПО РСМ-не қабылданады.

31. Олимпиаданың соңғы кезеңінің жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің және "Дарын" РҒПО дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

32. Олимпиаданың III (Республикалық) кезеңіндегі жүлдегерлер саны әр пән мен сынып бойынша қатысушылардың жалпы санының 45 % құрайды.

33. Олимпиаданың III (Республикалық) кезеңіндегі I, II және III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорцияны негізге ала отырып айқындалады: жүлдегерлер санының 50% - ы III дәрежелі дипломдармен, 30% - II дәрежелі дипломдармен, 20% - I дәрежелі дипломдармен марапатталады.

34. Ақпан айында олимпиаданың республикалық кезеңінің I дәрежелі диплом иегерлері үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушыларды республикалық олимпиадаға дайындау мақсатында "Дарын" РҒПО ОЖЖ өткізеді.

## **6. Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада пәндерінің тізбесі**

### **Жаратылыстану-математикалық бағыт:**

1. Математика
2. Физика
3. Химия
4. Биология
5. Информатика
6. География

### **Қоғамдық-гуманитарлық бағыт:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті
2. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі
3. Орыс тілі мен әдебиеті
4. Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі
5. Қазақстан тарихы
6. Құқық негіздері
7. Ағылшын тілі